



ҒТАХР 68.75.21  
ӘОЖ 631-151.3

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

*Р.А. Салимбаева*

*«Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

***e-mail:** [rasima\\_salimbaeva@mail.ru](mailto:rasima_salimbaeva@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстандағы экологиялық өнімді өндіру мен оның нарығының қазіргі жай-күйіне баға берілді және оны басқарудың қолданыстағы шараларын күшейту жолдары қарастырылды. Әлемдік және отандық тәжірибелер негізінде органикалық ауыл шаруашылығын жүргізудің принциптері, формалары, әдістері мен тәсілдері жинақталды. Қазақстандағы импорттық және отандық органикалық өнім нарығы зерттелді, оның өндірілуін тежейтін себептер анықталды, ауылшаруашылық өндірісінің органикалық тәсілге өту жолдары негізделді, ҚР экологиялық ауыл шаруашылығының дамуын басқару бойынша ұсыныстар әзірленді, экологиялық өнімді бақылау және стандарттау мен сертификаттау жүйесін құқықтық реттеу қарастырылды. Қазақстан Республикасында жобаларды басқаруды ынталандыру шет елдердің дамыған тәжірибесін қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында экологиялық таза өнімдерді өндіруде жобалық менеджментті енгізу экономиканың агроөнеркәсіптік секторын дамытудың жаңа кезеңіне - экологиялық таза бәсекеге қабілетті өндірісті дамыту кезеңіне көшуге мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** өндірісті басқару, жобалық басқару, органикалық өндіріс, экологиялық таза өнім, ауыл шаруашылығы, тұрақты даму.

**Кіріспе.** Экологияға негізделген ауыл шаруашылығын басқару – ауыл шаруашылық өнімдерін сапалы өндіруге, қайта өңдеуге және таратуға байланысты мемлекеттің экономикалық ықпалы болып табылады. Сонымен қатар, кеңейтілген қайта өндіру жағдайларын құру мақсатында ауылшаруашылық салаларын өндірістік-техникалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешу арқылы халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

Көптеген дамыған елдерде және Қазақстанда да жобаларды басқару әлемдік нарықтағы жаңалықты тиімді іске қосудың жетекші құралы болып табылады. Мемлекеттің, жекеменшік сектордың және ұлттық жобалар менеджерлерінің одағына негізделген жобаны басқару мемлекеттің басқаруына үлес қосады [1].

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы Жаңа саяси курс» және «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылық өнімдеріне жаһандық сұраныстың артуы үшін кеңейтілген ауыл шаруашылығын жаңғырту қажеттілігін және Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені көптеген айқындамалары бойынша болашағы бар және біз әлемдегі ірі аграрлық экспорттық, әсіресе экологиялық таза өнім саласында өнім өндірушілердің бірі бола алатынымызға толық мүмкіндіктер барын атап көрсетті [2].

Органикалық ауыл шаруашылығы бүгінде әлемдік трендтердің бірі, соңғы 16 жылда органикалық ауыл шаруашылығының жер ауданы 4 есеге артты, 2 млн органикалық өндірушілер сертификатталды, оның үштен төрт бөлігі дамушы елдерде орналасқан. Қазіргі уақытта органикалық ауыл шаруашылығы жалпы ауылшаруашылық жер аумағының 1% -жуығын алып жатыр[3].

2015 жылдың 27 қарашасында ҚР «Органикалық өнім өндіру туралы» Заңы қабылданды, онда қоршаған ортаны қорғау және салауатты тағамды қалыптастыруға ықпал ететін топырақты ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған органикалық өнім өндірудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздері анықталды[4].

ҚР «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асыру ауылшаруашылық индустриясында 400 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді[5].

**Зерттеу әдістері.** Мақаладағы зерттеу әдістерін ауылшаруашылықты басқару және экологиялық таза өнімді өндіру саласын, экономикалық және басқару тұрақтылық негіздерін қарастырған отандық және шетелдік экономист-эколог ғалымдарының ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық ауылшаруашылық саласындағы мәселесінің себептерін және салдарын талдау, жүйелі, статистикалық анализ, экономикалық және статистикалық талдау әдістері, мониторинг, топтастыру, салыстыру, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.



**Зерттеуді талқылау және нәтижелері.** Бүгінде экологиялық ауыл шаруашылығы саласындағы басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі болып табылады.


Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің қазіргі құрылымы бойынша ауыл шаруашылығының даму бағыттары келесідей: Экспорт-импорт; Ветеринарлық қауіпсіздік; Фотосанитарлық қауіпсіздік; Қазақстанның АӨК; Мал шаруашылығы; Өсімдік шаруашылығы; Өңірлердегі АӨК дамуын басқару; АӨК цифрландыру; Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі; Ғылым және инновация; Мемлекеттік саяси шаралар; Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру; Ауыл – ел бесігі [6].



Сурет 1- Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің құрылымы

Айта кету керек, осы тізбектің қатарына 2050-стратегиясы шеңберінде экологиялық өнімді дамыту бойынша немесе органикалық ауыл шаруашылығы бойынша бағыттарды қосу керек.

Органикалық ауыл шаруашылығы зерттеушілік институты (FIBL) және органикалық ауыл шаруашылығы қозғалысының халықаралық федерациясының (IFOAM) мәліметтері бойынша, экологиялық шаруашылық жерлері жыл санап артып келеді ( 2-ші сурет)[7,8].



2-сурет - Экологиялық шаруашылықпен айналысатын ауылшаруашылық жерлері бойынша әлемдегі ірі көшбасшы мемлекеттер, млн га (Қазақстан ақпарат үшін)

Экологиялық шаруашылықпен айналысатын жер аумағы бойынша әлемдік көшбасшы мемлекет Австралия – 35,64 млн. га, Аргентина – 3,38 млн. га және Қытай – 3,02 млн. га. Қазақстан бойынша мәліметтер ақпарат үшін берілген.

Агроқұрылымдардың экологиялық өндіріске өтуі барысында экологиялық, экономикалық және басқару негіздеріне сүйенетін бірқатар міндетті жалғаспалы әрекеттерді орындау ұсынылады. Бұл әрекеттердің құрамы мен кезеңдері келесі 1-ші кестеде көрсетілген [9].



1-кесте

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының экологиялық ауыл шаруашылығына өтуінің негізгі кезеңдері

Кезеңдері	Шаралар
1-кезең	Органикалық ауыл шаруашылық өндірісін жүргізуге қажетті мүмкіндіктерді анықтау бойынша қоршаған ортаны қорғау және ауылшаруашылық жерармды жерлерді сапалы бағалауға мониторинг жүргізу
2-кезең	Экологиялық таза өнім өндіру және тарату, органикалық ауыл шаруашылығын жүргізу мәселелері бойынша фермерлерді (біліктілігін арттыру) оқыту
3-кезең	Кәсіпорынның экологиялық таңбалы өнімдерін пайдалану құқығын және экологиялық ауыл шаруашылығында өндірілетін өнімдердің халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын сапа менеджмент жүйесімен сертификаттау
4-кезең	Инвесторлар тарту және мемлекеттік қолдау мақсатында кәсіпорынның дамуының бизнес-жоспарын құру
5-кезең	Ішкі және сыртқы нарықта өндірілген экологиялық (органикалық) таза өнімдерді таратуға келісім-шартқа отыру

Ескерту - Стандарт производства органической сельскохозяйственной продукции и ее переработки. НП «Экологический союз». –76с. –[Электронный ресурс].

Органикалық өнімнің әлемдік нарығы көрсеткендей, мемлекеттердегі нарықтың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері мен бір реттілігі көрсетілді. Бұл агробизнес саласындағы күрделі жағдайлармен, қажетті нормативтік-құқықтық базаның болуымен, экологиялық сертификаттау және стандарттау жүйесіндегі күрделі мәселелермен тығыз байланысты [10].

Зерттеу нәтижелері бойынша экологиялық ауыл шаруашылығын дамытудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік артықшылықтары айқындалды.

Органикалық шаруашылықтың экономикалық артықшылықтары мынадай [11]:

1. Қымбат синтетикалық пестицидтерді және тыңайтқыштарды сатып алу қажеттілігі болмағандықтан, қаржылық құралдарды үнемдеу.

2. Ішкі және халықаралық экспорттық нарықта қолжетімді және сертификатталған органикалық тауар бағасының жоғары болуы.

3. Органикалық өнімдерді қайта өңдеу нәтижесінде қосымша құнды алу мүмкіндігі.

Органикалық өнімдердің тағамдық дәмді артықшылықтары (денсаулық үшін) келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- ✓ Өнімді пестицидтерсіз соңғы тұтыну;
- ✓ Химиялық синтезделген тыңайтқыштарсыз;
- ✓ ГӨӨ және олардың өнімдерінсіз,
- ✓ Дәрумендермен минералдардың жоғары құрамы [12].

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның ішкі органикалық нарығы пайда болу кезеңінде, оған мынадай сипаттамалар тән:

✓ бөлу жүйесі ірі қалаларда шоғырланған арнайы дүкендерде немесе халықаралық бөлшек сауда желілерінде бірлік тауарларды ұсынады;

✓ тар тауарлық ассортимент, өнім сақтау мерзімі өте қысқа;

✓ бағасы 300% және одан да жоғары.

Халықаралық тәжірибеде нарықтың одан әрі дамуы үшін, бірқатар шаралар кешенін жүзеге асыру қажет:

✓ халықаралық ұсыныстар мен нормалар негізінде нормативтік-құқықтық базаны құру;

✓ нарық талабына сәйкес, органикалық өнімді таңбалау және бақылау, сертификаттау процедураларын ендіру және әзірлеу;

✓ елдің «жасыл» имиджін жеке аумақтарда да қалыптастыру;

✓ Қазақстандық және шетелдік нарықты ғылыми зерттеудің нәтижелерімен салалық кәсіпорындарды қамтамасыз ету жүйесін құру.

Мемлекет тәжірибелерін талдай келе, бүгінде экологиялық таза өнім өндіру бойынша халықаралық нарықтағы негізгі ойыншыларға Қазақстандағы экологиялық өндірісті дамыту және жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді орындау қойылады, атап айтқанда [12, 13, 14]:

1. Заңдық және нормативтік-құқықтық база әзірлемелерін аяқтау.

2. Сертификаттаудың ұлттық жүйесін негіздеу.

3. Органикалық өнім мен шикізатты өндіруді, тасымалдауды, сақтауды және таратуды жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерінің іс-әрекеттерін мемлекеттік қадағалау (бақылау) жүйесін қалыптастыру.



4. Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісіне жобалық басқаруды енгізу.

Сонымен, қорыта келгенде, Қазақстандағы мұндай міндеттерді жүзеге асыру агроөнеркәсіп секторының дамуының жана кезеңі – экологиялық таза нарыққа өтуіне мүмкіндік береді.

---

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Руководство к своду знаний по управлению проектом. //Руководство РМВОК, Американский стандарт. Шестое издание, США: 2017 год. – 756 с.

2 Послание Президента Республики Казахстан от 17 января 2014 года «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». – [Электронный ресурс]. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400002014>.

3 В.В. Григорук, Е.В. Климов. Развитие органического сельского хозяйства в мире и Казахстане. //Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных наций. Анкара, 2016. – 168 с.

4 Закон Республики Казахстан «О производстве органической продукции» от 27ноября 2015 года № 423-V ЗРК. // [Электронный ресурс]. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000423>.

5 Указ Президента Республики Казахстан. О Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике»: от 30.05. 2013 г. № 577 // Каз. правда. - 2013. - 1 июня. - (№186 -188).

6 Официальный сайт Министерства сельского хозяйства РК. – [Электронный ресурс]. <https://moa.gov.kz/ru/documents/17>.

7 Wilier, Helga and Julia Lernoud (Eds.) (2016): The World of Organic Agriculture. Statistics and Emerging Trends 2016. Research Institute of Organic Agriculture (FiBL), Frick, and IFOAM – Organics International, Bonn.

8 The World of Organic Agriculture 2016: Summary Helga Wilier and Julia Lernoud Key data on organic agriculture Research Institute of Organic Agriculture (FiBL), Frick, and IFOAM – Organics International, Bonn.

9 Стандарт производства органической сельскохозяйственной продукции и ее переработки. НП «Экологический союз». – 76с. – [Электронный ресурс] [http://sozrf.ru/wp-content/uploads/2014/01/Standart\\_ecounion.pdf](http://sozrf.ru/wp-content/uploads/2014/01/Standart_ecounion.pdf).

10 Аккредитованные органы сертификации, эквивалентные стандартам европейского союза для третьих стран по органическому производству и переработке. – [Электронный ресурс]: <http://sozrf.ru/wp-content/uploads/2014/02/ACB-стандарт-русский.pdf>.

11 Нормативные требования IFOAM для системы органического производства и переработки. [Электронный ресурс]. [http://ecounion.ru/wp-content/uploads/2014/08/ifoam\\_norms\\_version\\_2012\\_rus.pdf](http://ecounion.ru/wp-content/uploads/2014/08/ifoam_norms_version_2012_rus.pdf).

12 Matthew Holmes and Anne Maccy (2012). Canada. In Wilier Helga, Kilcher Lukas (2012). The World of Organic Agriculture. Statistics and Emerging Trends 2012. FiBL-IFOAM Report. IFOAM.and FiBL. Frick. pp. 277-282.

13 Organic Farming in Germany (2015): [www.bmelv.de/SharedDocs/Standardartikel/EN/Agriculture/OrganicFarming/](http://www.bmelv.de/SharedDocs/Standardartikel/EN/Agriculture/OrganicFarming/) – [Электронный ресурс].

14 Wilier, Helga and Julia Lernoud (Eds.) (2016): The World of Organic Agriculture. Statistics and Emerging Trends 2016. Research Institute of Organic Agriculture (FiBL), Frick, and IFOAM – Organics International, Bonn. Julia Lernoud and Helga Willer Current Statistics on Organic Agriculture Worldwide: Area, Producers, Markets, and Selected Crops.

15 Проект СС «Органические правила и сертификация». – [Электронный ресурс]. [www.organicrules.org](http://www.organicrules.org).

#### **УПРАВЛЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИМ СЕЛЬСКИМ ХОЗЯЙСТВОМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Р.А.Салимбаева**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

*г. Алматы, Республика Казахстан*

**e-mail: [rasima\\_salimbaeva@mail.ru](mailto:rasima_salimbaeva@mail.ru)**

**Резюме.** В статье дана оценка современного состояния производства и рынка экологической продукции в Казахстане и действующих мер по его управлению. На основе мирового и отечественного опыта обобщена совокупность принципов, форм, методов и способов ведения органического сельского хозяйства. Изучен рынок импортной и отечественной органической продукции в Казахстане, выявлены причины, сдерживающие ее производство, обоснованы предложения по переходу предприятий на органический метод сельскохозяйственного производства, разработаны





рекомендации по управлению развитием экологического сельского хозяйства в РК, также по правовому регулированию системы стандартизации, сертификации и контроля экологической продукции. Продвижение проектного управления в Республике Казахстан происходит через перенятие развитого опыта зарубежных стран. Внедрение проектного управления в производство экологически чистой продукции в Республике Казахстан позволит перейти на новый этап развития агропромышленного сектора экономики – этап развития экологически чистого конкурентного производства.

**Ключевые слова:** управление производством, проектное управление, органическое производство, экологическая продукция, сельское хозяйство, устойчивое развитие.

## MANAGEMENT OF ECOLOGICAL AGRICULTURE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**R.A.Salimbayeva**

Kazakh national university named after al-Farabi

**e-mail:** [rasima\\_salimbaeva@mail.ru](mailto:rasima_salimbaeva@mail.ru)

**Summary.** The article assesses the current state of production and the market for environmental products in Kazakhstan and the existing measures for its management. On the basis of world and domestic experience, a set of principles, forms, methods and methods of organic agriculture has been generalized. The market of imported and domestic organic products in Kazakhstan has been studied, reasons for its production have been identified, proposals have been substantiated for enterprises to switch to an organic agricultural production method, recommendations have been developed for managing the development of ecological agriculture in the Republic of Kazakhstan, and also for the legal regulation of the standardization system products. Promotion of project management in the Republic of Kazakhstan occurs through the adoption of the developed experience of foreign countries. The introduction of project management in the production of environmentally friendly products in the Republic of Kazakhstan will allow a transition to a new stage in the development of the agro-industrial sector of the economy - a stage in the development of environmentally friendly competitive production.

**Key words:** production management, project management, organic production, environmental products, agriculture, sustainable development.

МРНТИ 06.54.01

УДК 316.422:338.2

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**М.Д. Сайымова<sup>\*1</sup>, М.Ә. Тұрғанбаев<sup>2</sup>, Р.Ә. Есберген<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ-Ресей халықаралық университеті, Ақтөбе, Қазақстан,

<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы

**e-mail:** [77mika-07@mail.ru](mailto:77mika-07@mail.ru)

**Түйін.** Жұмыста Қазақстан экономикасындағы еңбек нарығының мәні, бүгінгі жай-күйі, сондай-ақ оның одан әрі тиімді даму мәселелері қарастырылған. «Еңбек нарығы» ұғымының әр түрлі анықтамалары талданып, мазмұны нақтыланған. Еңбек нарығы - ел экономикасы дамуының басқа да өзгермелі мәселелерімен тікелей байланысты динамикалық процесс. Сондықтан да мақалада Қазақстан Республикасы еңбек нарығының ерекшеліктері бүгінгі күн талаптары тұрғысынан зерттелініп, оң, сондай-ақ кемшілігі бар тұстары да көрсетілген. Халықты жұмыспен қамтуға қатысты мемлекет тарапынан қабылданған шаралар сараланып, кемшіліктері қаралған. Өңірлер дамуындағы жұмыссыздық көрсеткіштері ескеріле отырып, еңбек нарығының бүгінгі таңдағы өзекті проблемалары бойынша, әсіресе нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтуға қатысты, ұсыныстар берілген. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімі Қазақстанның ерекшелігін анықтайтын жұмыспен қамту жүйесінің өзіндік бір айрықша үлгісін дамытатын шаралармен түйінделген.

**Түйінді сөздер:** еңбек нарығы, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өзін-өзі жұмыспен қамту, нәтижесіз жұмыспен қамту.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы қазіргі жағдайда экономиканың одан әрі дамуының нық негіздерін қалады. Жолдауда: «Еңбек нарығының тиімділігін қамтамасыз етіп, әрбір адамның өз әлеуетін іске асыра алу үшін жағдай жасаудың маңызы зор. Барлық негізгі мамандық бойынша заманауи стандарттар әзірлеу қажет. Бұл стандарттарда жұмыс